

УДК 16.21
ГРНТИ 811.312.8
DOI 10.70892/7j63bc17

МӘТІНДЕРГЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ АНАЛИЗ ЖАСАУ

Жусупова Галия Сапарбековна

*«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қостанай облысы бойынша кәсіби даму институтының кафедра меңгерушісі,
гуманитарлық ғылым магистрі, педагог-зерттеуші,
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.
e-mail: galiya02021976@gmail.ru*

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ТЕКСТОВ

Жусупова Галия Сапарбековна

*Заведующая кафедрой Института профессионального развития филиала
АО НЦПК «Өрлеу» по Костанайской области, магистр гуманитарных наук, педагог-исследователь,
Республика Казахстан, г. Костанай
e-mail: galiya02021976@gmail.ru*

COMPARATIVE ANALYSIS OF TEXTS

Zhusupova Galiya Saparbekovna

*Head of the Department of the Professional Development Institute,
“Orleu” National Centre for Professional Development, Kostanay branch,
Master of Humanities, pedagogical researcher,
Republic of Kazakhstan, Kostanay
e-mail: galiya02021976@gmail.ru*

Аңдатпа

Бұл мақалада мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау жолдары қарастырылады. Салыстырмалы талдау мәтіннің мазмұнын, құрылымын, тілдік ерекшеліктерін, авторлық позицияны, стиль мен жанр белгілерін анықтауға мүмкіндік береді. Мәтіндерді салыстыру оқушының функционалдық оқу сауаттылығын, сыни ойлауын және аналитикалық дағдыларын қалыптастырудың тиімді құралы ретінде сипатталады.

Аннотация

В данной статье рассматриваются способы проведения сравнительного анализа текстов. Сравнительный анализ позволяет выявить содержание текста, его структуру, языковые особенности, авторскую позицию, а также признаки стиля и жанра. Сопоставление текстов рассматривается как эффективный инструмент формирования функциональной читательской грамотности, критического мышления и аналитических навыков учащихся.

Annotation

This article examines the methods of conducting comparative text analysis. Comparative analysis makes it possible to identify the content of a text, its structure, linguistic features, the author's position, as well as stylistic and genre characteristics. Comparing texts is considered an effective tool for developing students' functional reading literacy, critical thinking, and analytical skills.

Түйінді сөздер: мәтін, салыстырмалы анализ, оқу сауаттылық, бағдарлама, нәтиже, дағдылар..

Ключевые слова: текст, сравнительный анализ, читательская грамотность, программа, результат, навыки.

Keywords: text, comparative analysis, reading literacy, program, result, skills.

Кіріспе

Қазіргі қоғамдағы білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын қалыптастыру. Бұл – мәтіннен ақпаратты табу, түсіну, талдау, салыстыру және оны өмірлік жағдайларда қолдана білу қабілеті [1]. Бүгінгі таңда білім алушылар тек ақпаратты қабылдаушы емес, оны қайта өңдеуші, салыстырып талдаушы, өз ой қорытындысын жасай білетін тұлға ретінде қалыптасуы қажет. Демек, түрлі мәтіндермен жұмыс жасау – оқытудың ең тиімді құралдарының бірі. Мәтін – коммуникациялық әрекеттің негізгі құрылымдық-семантикалық бірлігі. Адамдар ақпарат алмасу барысында жеке сөздер немесе жекелеген сөйлемдер емес, тұтас мәтін арқылы тілдік байланыс орнатады. «Мәтін» термині ғылыми айналымға салыстырмалы түрде енгізілген. Мәтін – белгілі бір коммуникативтік мақсатқа бағытталаған, ішкі мағыналық бірлігі мен композициялық тұтастығы бар, автордың интенциясын және прагматикалық бағытын жеткізетін вербалды ақпараттың жазбаша және ауызша формасы [5]. Қазіргі мәтін лингвистикасы мәтінді күрделі коммуникативтік феномен ретінде қарастырады және оның құрылымдық моделін, функционалды-семантикалық категорияларын, тілдік құралдар жүйесін, сондай-ақ мәтінді (әсіресе көркем мәтінді) құрастыру, ұйымдастыру және интерпретациялау алгоритмдерін зерттейді.

Әдебиетке шолу

Мәтінді зерттеудің когнитивтік бағыты дискурс арқылы жүзеге асады, онда автор, мақсат және коммуникациялық жағдаят ескеріледі. Бұл бағытта Т.Ван Дейк дискурсты біліммен және әлеуметтік тәжірибемен байланыстырады [9]. Ал А.Кибрик мәтінді когнитивтік модель ретінде қарастырып, оның құрылымдық және мағыналық тұтастығын айқындайтын факторларды атап өтеді [6].

Мәтін ішіндегі семантикалық және грамматикалық байланысу құралдарын алғаш жүйелі түрде М.Халлидей мен Р.Хасан ұсыған болатын. Олардың пікірінше, когезия мәтіннің тұтастығын қамтамасыз ететін лексикалық, грамматикалық, референциялық байланыстар арқылы жүзеге асады [5].

Салыстырмалы талдау – екі немесе одан да көп мәтіннің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау арқылы мәтіннің құрылымын, идеялық мазмұнын, авторлық ұстанымын анықтайтын талдау тәсілі. Ол оқушылардың сыни ойлауын дамытуға және мәтіннен ақпарат алу, бағалау, интерпретациялау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді [2].

PISA–2022 зерттеуінің нәтижелері бойынша Қазақстан 81 елдің ішінде оқу сауаттылығы жағынан 61-орынға ие болды. Бұл 2018 жылмен салыстырғанда алға жылжу бар, сол кезде еліміз 69-орында болған еді. Қазақстан рейтингте көтерілгенімен, жалпы оң динамика байқалмайды, өйткені оқу сауаттылығы бойынша орта балл 2018 жылғы көрсеткіш бойынша 387 ұпайдан 2022 жылы 386 ұпайға төмендеген [7]. Соған қарамастан, қала мен ауыл мектеп оқушыларының білім сапасының алшақтығы азайған. Алынған деректер қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту әдістемелерін жетілдіру мен білім беру процесінің сапасын жүйелі түрде арттыру қажеттігін көрсетіп отыр, әсіресе цифрлық трансформация мен функционалдық сауаттылыққа қойылатын талаптардың артуы жағдайында білім беру процесінің сапасын жүйелі түрде көтерудің қажет екенін көрсетіп отыр.

Әдістері мен материалдары

Осы мәселе бойынша «Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау» авторлық бағдарламасы әзірленген болатын.

Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау арқылы оқушылар тек әдеби мәтіндерді ғана емес, түрлі пәндік мәтіндерді де талдап, салыстыра отырып, мазмұнды түсінуге, сыни тұрғыдан ойлауға, ақпаратпен жұмыс істеуге үйренеді. Бұл бағдарламаның өзектілігі болып табылады. Сонымен қатар, құзыреттілікке бағытталған оқу дағдыларын дамытуда сын тұрғысынан ойлау, коммуникация, креативтілік пен коллаборация дағдыларын қалыптастыруда оқушылардың ұлттық құндылықтарды тану мен заманауи ақпараттық қоғамда бағдар табу қабілеттерін

дамыту мүмкіндіктерін тудырады.

Бағдарламаның жаңалығы – бағдарламада көркем әдеби мәтіндер, ғылыми-көпшілік, публицистикалық және ресми мәтіндерді салыстырып талдауда, пәнаралық байланыс жүзеге асырылады (қазақ тілі мен әдебиеті, тарих, география, биология, т.б. пәндерден алынған мәтіндер қолданылады). Салыстырмалы анализ жасауда оқушылар визуалды құралдарды пайдаланып, өз бетінше қорытынды жасауға машықтанады. Мәтіндер арасындағы тілдік, стильдік, мазмұндық ерекшеліктерді салыстыру оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытады. ЖИ құралдарының мүмкіндіктері арқылы мәтіндерге салыстырмалы анализ жасаудың түрлі нұсқаларын қарастырады. Яғни «мақсат-әдіс-бағалау» принциптері арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарлама білім алушының жеке тұлғалық дамуына, танымдық белсенділігі мен зерттеушілік дағдысын дамытуға бағытталған. Мұнда оқушы – тек ақпаратты қабылдаушы ғана емес, оны салыстырып, өңдеп, жаңа білім қалыптастырушы субъект ретінде қарастырылады.

Педагогикалық тұрғыдан бұл бағдарлама:

- оқытудың тұлғалық-бағдарлы және құзыреттілік тәсілдерін жүзеге асырады;
- оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу барысында салыстыру, саралау, қорытынды жасау дағдыларын дамыту;
- әртүрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндерді салыстыра отырып, мазмұндық және тілдік ерекшеліктерді анықтауға үйрету;
- топпен, жұппен, жеке жұмыс жасау арқылы коммуникативтік және рефлексивтік дағдыларды дамытады;
- өзіндік пікір білдіру, дәлелдеу, тұжырым жасау қабілеттерін дамыту;
- пәнаралық байланыс негізінде білімді интеграциялауға үйрету.

Бағдарламаның мақсаты – әртүрлі мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту.

Міндеттері:

- әртүрлі жанрдағы және стильдегі мәтіндерді салыстырып оқу;
- мәтін мазмұнын, құрылымын, идеялық бағытын анықтау;
- мәтіндердегі автор көзқарасын, мақсат-міндетін түсіндіру;
- салыстырмалы кестелер мен сызбалар арқылы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды жүйелеу;
- өз ойларын ауызша және жазбаша сауатты жеткізу.

«Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау» бағдарламасының ғылыми-әдістемелік деңгейі 9-сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес оқытудың мағыналылығын, инклюзивтілігін, тиімділігін қамтамасыз етеді. Бағдарлама мазмұны құзыреттілікке бағытталған білім берудің алты принципіне негізделеді: әділеттілік, дағдыларға бағдарлау, айқындық, жеке қолдау, прогреске дейінгі дағдыларды меңгеру, икемді қарқын. Яғни, бағдарлама тақырыптары және сабақ жоспарлары концентрлі түрде тереңдетілген жүйеде сапалы оқыту үшін теориялық және практикалық білім қалыптастыруда мынандай кезеңдермен байланыстырылады: С1-байланыс, С2-теория, С3-практика, С4-қорытынды. Бұл білім алушылардың тақырыпқа сәйкес оқушылардың өз қарқынымен дамуына мүмкіндік беру, жеке қолдау, қарым-қатынас, командалық жұмыс және мәселелерді шешу сияқты практикалық дағдыларды қолдайды. Әр сабаққа берген оқу ресурстары мен заманауи формалары сабақты интерактивті өткізуге жол ашады.

Бағдарламада теориялық білімде оқушылардың мәтін мазмұнын терең түсінуіне, құрылымын тануына, стильдік ерекшеліктерін ажырату дағдыларын дамыту қарастырылса, практикалық білімде сол білімді қолдана отырып, салыстырмалы анализ жасау дағдысын дамытуға бағытталады.

Күтілетін нәтиже:

- әртүрлі мәтіндерді салыстыра талдай алады;


- ақпаратты іріктеу, құрылымдау және талдау дағдыларын меңгереді;
- өз ойларын дәлелдеп, пікір айтуға машықтанады;
- функционалдық оқу сауаттылығын дамытады;
- мәтінмен жұмыс барысында тіл мәдениеттілігін қалыптастырады.

Бағдарлама тәжірибе-эксперименттік зерттеу түрінде кезеңдер бойынша 2023-2024 оқу жылынан бастап Қостанай облысының екі жалпы білім беретін мектептерге енгізілген болатын.

Кезең	Мазмұны	Нәтижесі
Дайындық кезеңі	Мәтіндерді іріктеу (көркем, публицистикалық, ғылыми, тарихи, ресми), критерийлерді анықтау	Материалдар жинағы
Эксперименттік кезең	Мұғалімдерге әдістемелік нұсқау; Оқушылар мәтіндерге салыстырмалы талдау жасайды	Оқушылардың оқу және талдау дағдылары бағалануы
Қорытынды кезең	Нәтижелерді салыстырып, тиімділігін анықтау	Сыни ойлау мен интерпретация дағдысы артуы

Нәтижелер және оларды талқылау

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 2023–2024 және 2024–2025 оқу жылдары аралығында мектептің білім беру көрсеткіштері оң динамикаға ие болды. Олимпиада мен байқауларға қатысу көрсеткіштері артып, оқушылардың нәтижелерге бағытталған белсенділігі жоғарылағанын көруге болады. Атап айтқанда, олимпиадаға қатысушылар саны 1-ден 2-ге, ал түрлі байқауларға қатысушылар саны 2-ден 3-ке дейін өскен. Бұл педагогтердің әдістемелік қолдауын күшейту, оқу мотивациясын арттыру және дарынды балалармен жүйелі жұмыстың нәтижесі болып табылады.



Сонымен қатар, оқу сапасының көрсеткіші де айтарлықтай жақсарған. 2023–2024 оқу жылында оқу сапасы 73% болса, 2024–2025 оқу жылында бұл көрсеткіш 77%-ға жетті. Бұл білім сапасының тұрақты өсу динамикасын, оқу-тәрбие процесінің тиімді ұйымдастырылғанын және қолданылған бағдарламаның нәтижелілігін дәлелдейді.



Қорытынды

Қорыта айтқанда, алынған нәтижелер мектептің оқу жетістігін арттыруда дұрыс бағытта жұмыс жүргізіп жатқанын көрсетеді. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту және әдістемелік қолдау көрсету оқу сапасын да, оқушылардың ғылыми-зерттеу белсенділігін де көтеруге мүмкіндік беретіні анықталды. Осыған байланысты, ұсынылып отырған бағдарламаны әрі қарай кеңейтіп, тәжірибені басқа сыныптарға және білім беру ұйымдарына тарату орынды.

Мәтіндерді салыстыру оқушының функционалдық оқу сауаттылығын, сыни ойлауын және аналитикалық дағдыларын қалыптастырудың тиімді құралы

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметова, А. Б. Функционалдық сауаттылық және мәтінді түсіну дағдыларын қалыптастыру // Педагогика және психология. – 2023. – №1. – Б. 60–67.
2. Ерназарова, З. Мәтін құрылымы және когнитивтік модель // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2022. – №3. – Б. 45–52.
3. Жұбанова, Ү. Мәтін лингвистикасы және дискурс теориясы : оқу құралы. – Алматы : ҚазҰУ, 2021. – 210 б.
4. Beeching, K., Detges, U. Discourse Functions in Grammar and Lexicon. – Amsterdam : John Benjamins Publishing Company, 2023. – 314 б.
5. Halliday, M. A. K., Hasan, R. Cohesion in English. – London : Routledge, 2020. – 392 p.
6. Kibrik, A. A. Tekst i ego analiza: Vvedenie v kognitivnuyu diskursologiyu. – Moskva : Izd-vo MGU, 2020. – 280 б.
7. OECD. PISA 2022 Results: Reading literacy. – Paris : OECD Publishing, 2023.
8. Turanina, O. V. Lingvisticheskij analiz khudozhestvennogo teksta : ucheb.-metod. posobie. – Sankt-Peterburg : Nauka i obrazovanie, 2021. – 156 б.
9. Van Dijk, T. A. Discourse and Knowledge. – Cambridge : Cambridge University Press, 2022. – 348 б.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Ахметова, А. Б. Формирование функциональной грамотности и навыков понимания текста // Педагогика и психология. – 2023. – № 1. – С. 60–67.
2. Ерназарова, З. Структура текста и когнитивная модель // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2022. – № 3. – С. 45–52.
3. Жубанова, У. Лингвистика текста и теория дискурса : учебное пособие. – Алматы : КазНУ, 2021. – 210 с.
4. Beeching, K., Detges, U. Discourse Functions in Grammar and Lexicon. – Amsterdam : John Benjamins Publishing Company, 2023. – 314 p.
5. Halliday, M. A. K., Hasan, R. Cohesion in English. – London : Routledge, 2020. – 392 p.
6. Kibrik, A. A. Текст и его анализ: Введение в когнитивную дискуртологию. – Москва : Изд-во МГУ, 2020. – 280 с.
7. OECD. PISA 2022 Results: Reading literacy. – Paris : OECD Publishing, 2023.
8. Turanina, O. V. Лингвистический анализ художественного текста : учеб.-метод. пособие. – Санкт-Петербург : Наука и образование, 2021. – 156 с.
9. Van Dijk, T. A. Discourse and Knowledge. – Cambridge : Cambridge University Press, 2022. – 348 p.

REFERENCES

1. Akhmetova, A. B. Formation of functional literacy and text comprehension skills // Pedagogy and Psychology. – 2023. – No. 1. – pp. 60–67.
2. Ernazarova, Z. Structure of the text and cognitive model // Kazakh Language and Literature. – 2022. – No. 3. – pp. 45–52.
3. Zhubanova, U. Text Linguistics and Discourse Theory : textbook. – Almaty : KazNU, 2021. – 210 p.
4. Beeching, K., Detges, U. Discourse Functions in Grammar and Lexicon. – Amsterdam : John Benjamins Publishing Company, 2023. – 314 p.
5. Halliday, M. A. K., Hasan, R. Cohesion in English. – London : Routledge, 2020. – 392 p.
6. Kibrik, A. A. Text and Its Analysis: Introduction to Cognitive Discourse Studies. – Moscow : Moscow State University Publishing, 2020. – 280 p.
7. OECD. PISA 2022 Results: Reading Literacy. – Paris : OECD Publishing, 2023.
8. Turanina, O. V. Linguistic Analysis of Literary Text : teaching and methodological manual. – Saint Petersburg : Science and Education, 2021. – 156 p.
9. Van Dijk, T. A. Discourse and Knowledge. – Cambridge : Cambridge University Press, 2022. – 348 p.